

**Өткізілген уақыты:** 15 қазан, сағ 11-00

**Іс-шараның мақсаты:** Онерлі жастардың шығармашылығын дәріптеу.

2015 жылдың 15 қазанында арнайы кітапханада Оңтүстік Қазақстан облыстық «Шалкар шабыт» мұғалімдер когамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жас жаным кыштар ак танга» атты шығармашылық кеш өтті. Шығармашылық кешті «Шалкар шабыт» бірлестігінің төрайымы М.Ермаханова және төрайым орынбасары Е.Бакиев жүргізді. Бірлестіктің атқарған жұмыстары және жеткен жетістіктері жайында көпшілік қорермен кенінен танысты. Кеш барысында әсем әндер мен сазды жырлар жырланды. Кешті Е.Бакиевтың сөзіне, Н.Торбайдың әніне жазылған «Талпынамын шындарға» әнін М.Ермаханова орындап ашты. Жас акын Ербек Бакиев «Күзгі үміт» өленін оқыды. Бірлестіктің жас әншісі, бірнеше республикалық облыстық ән байқауларының жүлдегері, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық институтының «Онер» факультетінің I курс студенті Айнұр Смандияр «Жан ана», «Шарықта шалкар шабытым» әндерімен жұртты тебірентті. Кешті облыстық «Жанарым менің жүрегім» фестивалінің қоркем сөз оқу шебері П.Үйсiмбаева М. Әлібековтың «Тәубене кел» және Е.Бакиевтың «Тағдыр тартуы» поэмасын оқыды. Кеште дүние жүзіне танымал атакты зағип жандар өмірі жайында, олардың арасында өтілетін түрлі іс-шаралар, байқаулар, фестивальдер жонінде, ОҚО арнайы көзі қормейтін және әлсіз қоретін азаматтарға арналған кітапхананың ұйымдастыруымен өтетін «Жанарым менің жүрегім», «Отбасы тынысы», «Мерейлі отбасы» және «Онерім көніл шуағым» атты фестивалдарды, «Шалкар шабыт» мұғалімдер когамдық бірлестігінің «Молдіреген жыр сезім» атты жыр мұшайрасы жайында ақпараттар берілді. Әнші сазгер Р.Тайыров «Қазақстан Нұрсұлтан» және Д.Сейдазімова «Бейбіт күн тілегі» әнімен кешті аяқтады. Келген оқырмандар ән мен жырға сусындалып әдемі күйге боленді. Кеш сонында «Шалкар шабыт» бірлестігі мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығын шындап, талантты жанның талабын үштап, өнерін өрістету мақсатында алдағы қараша айының 20 күлдызында дарынды сазгер, талантты әнші Рүстем Тайыровтың «Жан сезім» атты шығармашылық кешін өткізетінін хабарлады. «Талапты жан талпынса тау асары ақиқат» болса, алға үмтылған дарын иелері асқак арманға күлаш сермеп, биік мақсаттарға канат қағып, асу белестерге самғап үшады. Шығармашылыққа жанашыр, ән мен жырға күштар қорермен қауым барда өнер мен әдебиетті үштастырған «Шалкар шабыт» мұғалімдер когамдық бірлестігі әлі де асар асуы, басар белесі алда.

Іс-шараға «Қазақстан-Шымкент» телеарнасының түсіру тобы мен журналисі қатысты.

Авторлар: спецбпб

16.10.2015 17:23 - Жанартылган 16.10.2015 17:25

---

